

Талғар ауданы бойынша тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Талғар аудандық мәслихатының 2019 жылғы 10 қаңтардағы № 39-184 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2019 жылы 5 ақпанда № 5048 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Талғар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 3 тамыздағы № 60-255 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Талғар аудандық мәслихатының 03.08.2020 № 60-255 шешімімен (2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады).

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 546-бабының 3-тармағына сәйкес, Талғар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Талғар ауданы бойынша қызметін жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелері осы шешімнің қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Талғар аудандық мәслихатының "Әлеуметтік-экономикалық даму, тарифтік саясат, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту және бюджет мәселелері жөніндегі" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Талғар аудандық мәслихатының
сессия төрағасы
Талғар аудандық
мәслихатының хатшысы*

Б. Құдабаев

Ж. Еңкебайұлы

Талғар аудандық мәслихатының 2019 жылғы "10" қаңтардағы "Талғар ауданы бойынша тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелерін белгілеу туралы" № 39-184 шешіміне қосымша

Қызметін Талғар ауданы аумағында жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелері

--	--	--

Рет №	Салық салу объектісінің атауы	Талғар ауданы бойынша тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелері (айлық есептік көрсеткіш)
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	6
2	Біреуден көп ойыншының қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	10
3	Ойын өткізу үшін пайдаланатын дербес компьютер	2
4	Ойын жолы	20
5	Карт	11
6	Бильярд үстелі	6
7	Астана және Алматы қалаларын және арнайы аймақты қоспағанда, уәкілетті ұйымның елді мекенде орналасқан айырбастау пункті	10

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК